
Пайдалану бойынша нұсқаулық


Кір жуғыш машина
WT-6A1M

DEXP




Кірді жасалған материалы, түсі және т.б. бойынша сұрыптаңыз.
Киімді жуар алдында оның қалталарын мұқият тексеріңіз, себебі қатты заттар, мысалы, әшекейлер немесе тиындар құрылғыны зақымдауы мүмкін (толығырақ ақпарат алу үшін "Киімді жууға бастапқы дайындау" бөлімін қараңыз).






Кір жуғыш машинаның қақпағын ашып, кірді салыңыз.



Жуғыш заттарды қосыңыз (толығырақ ақпарат алу үшін "Жуғыш заттарды жүктеу" бөлімін қараңыз) және машинаның қақпағын жабыңыз.



Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз (толығырақ ақпарат алу үшін "Пайдалану" бөлімін қараңыз).



Кір жуу циклін бастау үшін "Бастау/Үзіліс" батырмасын басыңыз.

МАЗМҰНЫ

ҚҰРЫЛҒЫ МАҚСАТЫ 6

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ 6
Электрмен жұмыс істегенде 6
Сумен жұмыс істегенде 7
Жалпы ережелер 7

ҚҰРЫЛҒЫ СХЕМАСЫ 9

ОРНАТУ 10
Құрылғының қаптамасын ашу 10
Орналасуы 10
Кір жуғыш машинаны теңестіру 12

СУ ТӨГЕТІН ҚҰБЫРШЕГІН ЖАЛҒАУ 12
Кронштейн болғанда құбыршекті бекіту 13

ҚҰЮ ҚҰБЫРШЕГІН ЖАЛҒАУ 14
Шүмекке қосу 14
Бұрандалы қосылысы бар шүмекке қосу 14
Кәдімгі шүмекке қосу 15

КИІМДІ ЖУУҒА БАСТАПҚЫ ДАЙЫНДАУ 16
Үйіліп қалатын заттар 18
Балалардың киімдерін жуу 18
Машинамен жууға арналмаған киім 18
Жуғыш заттарды жүктеу 19

ПАЙДАЛАНУ 19
Басқару тақтасы 19
Пайдалану нұсқаулығы 20
Бағдарламалардың сипаттамасы 21
Дисплей мен батырмалардың сипаттамасы 21
Функциялардың сипаттамасы 23

КҮТІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ 24
Сыртқы корпусты тазалау 24
Сүзгілерді тазалау 24
Жуғыш заттар науасын тазалау 26

МҮМКІН БОЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ 26

Қате кодтары 27

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР 28

ЖИНАҚТАЛЫМ 28

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ 29

МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ (ТАСУ), ӨТКІЗУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ 30

ҚОСЫМША АҚПАРАТ 31

ЕСКЕРТУЛЕР 32

Құрғақ кірдің шамамен алынған салмағы 32
Киімде көрсетілген пиктограммалардың мағынасы 33
Киімде көрсетілген басқа пиктограммалардың мағынасы 34
Дақтарды кетіру бойынша ұсыныстар 35

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімдерді таңдағаныңыз үшін рахмет.
Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫ МАҚСАТЫ

Кір жуғыш машинасы үй шаруашылығында тоқыма бұйымдарын және машинамен жууға жарамды сыртқы киімдерді жуғыш зат ерітіндісінде жууға арналған.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЭЛЕКТРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕ

- Құрылғыны электр желісіне қосуды тек білікті маман жүзеге асыруы тиіс.
- Қауіпті жағдайларды болдырмау үшін зақымдалған қуат сымын өндіруші, оның сервистік техникалық қызмет көрсету бойынша өкілі немесе тиісті біліктілігі бар басқа маман ауыстыруы тиіс.
- Кір жуғыш машинаны тазалау немесе техникалық қызмет көрсету алдында қуат көзінен ажырату қажет.
- Қуат сымының ашасына дымқыл қолмен тиіспеңіз.
- Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін қуат сымының қосқышы жерге тұйықтау түйіспесі бар екі полюсті розеткаға қосылуы тиіс. Қоректендіру желісінің розеткасының дұрыс және сенімді жерге тұйықталуын мұқият тексеріп, оған көз жеткізіңіз.
- Кір жуғыш машина тек құрылғының техникалық сипаттамасында көрсетілген кернеумен желіге қосыла алады. Құрылғыны номиналды тоқ күші аз желіге қоспаңыз. Егер сіз электрмен жабдықтау параметрлерін білмесеңіз, қызмет көрсетуші ұйымға хабарласыңыз.
- Қуат сымын қорғауды қамтамасыз етіңіз. Қоректендіру шнуры жақсы бекітілуі және басқа заттарға тимейтіндей, сондай-ақ оған сүрініп кетпейтіндей немесе оны кездейсоқ зақымдамайтындай орналасуы тиіс.
- Электр ашасы розеткаға оңай салынуы тиіс. Розетканың орналасу орнына және оған қол жеткізу ыңғайлылығына ерекше назар аударылуы тиіс.
- Розетканың шамадан тыс жүктелуіне жол бермеңіз және сымды ұзартпаңыз. Сымның ұзаруы өрт немесе электр тогының соғуын тудыруы мүмкін. Қуат сымын дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Тасымалдағаннан кейін құрылғыны электр желісіне қоспас бұрын, оның бөлме температурасына дейін қызуын кемінде 2 сағат күтіңіз.

СУМЕН ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕ

- Құрылғыны сумен жабдықтау және су тарту жүйесіне қосуды тек білікті маман жүзеге асыруы тиіс.
- Жеткізу жинақталымға кіретін жаңа құбыршектерді пайдалану керек; ескі құбыршектерді қайта пайдалануға болмайды.
- Кір жуғыш машинадан ыстық суды төгу кезінде күйіп қалудан сақ болыңыз.
- Бір кір жуатын келтеқұбыры бар кір жуғыш машина суық су құбыржолына қосылуы тиіс. Екі кір жуатын келтеқұбыры бар кір жуғыш машина ыстық және суық су құбыржолдарына қосылуы мүмкін.


ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- Құрылғы тек үй ішінде пайдалануға арналған.
- Корпустағы желдету саңылаулары кілем және басқа да жабындармен жабылмауы тиіс.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Киімді жуар алдында оның барлық қалталарының бос екеніне көз жеткізіңіз. Тиындар, әшекейлер, шегелер, бұрандамалар, тастар және т.б. сияқты өткір және қатты заттар кір жуғыш машинаның қатты зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оны желіден ажыратып, су беруді тоқтатыңыз.
- Кір жуғыш машинаны қолданар алдында оның ішіне балалар мен үй жануарларының кіріп кетпегенін тексеріп алыңыз.
- Жұмыс кезінде балалар мен үй жануарларының құрылғымен тікелей жанасуына жол бермеңіз.
- Ванна бөлмесіне немесе ылғалдылығы жоғары жерлерде, сондай-ақ жарылыс қаупі бар немесе жегіш газ тәрізді заттар бар бөлмелерде кір жуғыш машинаны орнатпаңыз.
- Құрылғыны пайдаланбас бұрын қаптаманың барлық компоненттері мен тасымалдау бұрандаларын алып тастаңыз. Әйтпесе, кір жуғыш машина жуу кезінде қатты зақымдануы мүмкін.
- Барлық қаптама материалдарын (пластикалық пакеттер, көбіктен жасалған төсемдер және т.б.) балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қаптама материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.
- Киімді бірінші рет жуар алдында машинаны тексеріп, әрбір жұмыс режимінде бір циклден киімді жүктемей іске қосыңыз.
- Бұл кір жуғыш машина тек тұрмыстық пайдалануға және тек машинамен жууға арналған тоқыма бұйымдарын жууға арналған.
- Тез тұтанатын және жарылыс қаупі бар немесе улы жуғыш заттарды пайдалануға тыйым салынады.
- Жуғыш заттар ретінде бензин, спирт және т.б. қолдануға тыйым салынады.
- Тек машинамен жууға арналған жуғыш заттарды ғана қолдануға рұқсат етіледі.


- Кілемдерді кір жуғыш машинада жумаңыз.
- Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін қақпақты ашпас бұрын екі минут күтіңіз.
- Кір жуу аяқталғаннан кейін су мен қуат көзін ажыратыңыз.
- Құрылғының жоғарғы жағына аяқ басуға немесе отыруға тыйым салынады.
- Қақпақты күшпен жаппаңыз. Егер қақпақ қиындықпен жабылса, кір жуғыш машинаның ішінде киімнің тым көп еместігін және оның барабан ішінде біркелкі таралуын тексеріңіз.
- Бұл кір жуғыш машина кіріктірілген жабдық ретінде жұмыс істеуге арналмаған.
- Құрылғыда ақау пайда болса немесе көзге көрінетін зақымдар болса, оны қоспаңыз. Жөндеу мақсатында уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кір жуғыш машинаны орнын ауыстыру алдында жұмыс барысында құбыршектер мен сүзгілерде жиналған суды төгіп тастаңыз.
- Кір жуғыш машинаны абайлап жылжытыңыз. Кір жуғыш машинаның қақпағы тасымалдау немесе орын ауыстыру кезінде жабық болуы тиіс.



1. Қақпақ.
2. Жақтау.
3. Басқару тақтасы.
4. Корпус.
5. Реттелетін аяқшалар.
6. Енгізу келтеқұбыры.
7. Қуат сымы.
8. Тұтқа.
9. Су төгетін құбыршек.



Құю құбыршегі × 2 дана	Түпке арналған қорғаныс тақта	Пайдалану бойынша нұсқаулық	Бұранда	Су төгетін құбыршек


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Барлық суреттер мен схемалар таныстыру мақсатында берілген және нақты құрылғыдан ерекшеленуі мүмкін.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАПТАМАСЫН АШУ

Кір жуғыш машинаның қаптамасын ашу кезінде тасымалдау кезінде пайда болуы мүмкін зақымданулардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Сондай-ақ жинақталымда келетін барлық аксессуарлардың бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір зақымдану байқалса немесе қандай да бір бөлшектер болмаса, дереу сатушыға хабарласыңыз.

1. Картон қорап пен пенопласт қаптаманы шешіп алыңыз.
2. Кір жуғыш машинаны көтеріп, қаптаманы негізінен шешіп алыңыз.
3. Қуат сымы мен су төгетін құбыршегін қосатын бекіткіш таспаны шешіңіз.
4. Барабаннан енгізу құбыршегін шешіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қаптама материалдары қауіпті болуы мүмкін. Тұншығу қаупін болдырмау үшін қаптама элементтерін, сондай-ақ құрылғының бөлшектерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.


ОРНАЛАСУЫ

Кір жуғыш машинаны орнату үшін төмендегі жағдайларға сай жерді таңдау керек:

- қатты, тұрақты, құрғақ және тегіс бет;
- тікелей күн сәулесінің болмауы;
- жеткілікті желдету;
- бөлмедегі температура 5 °C жоғары;
- Кір жуғыш машинаны жылу көздерінен, мысалы, көмірмен немесе газбен жылытатын жабдықтардан алыс орнату керек. Егер кір жуғыш машинаны жылу көзіне жақын орнату мүмкін болмаса, олардың арасына оқшаулағыш қабырға салыңыз (алюминий фольгасы бар жағы жылу көзіне қарағаны болуы керек).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кір жуғыш машинаның қуат сымында тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының бүйірлерінде (кемінде 20 мм) және артқы жағында (кемінде 45 мм) бос кеңістік болуын қамтамасыз ету қажет.
- Бұл құрылғы жүзетін құралдарда (кемелер, яхталар және т.б.) және жылжымалы объектілерде (жылжымалы үйлер, ұшақтар және т.б.) пайдалануға арналмаған.
- Еденнің рұқсат етілген еңісі — 1°.



Электр розеткасы

Розетка құрылғының бүйір қабырғасынан 1 м қашықтықта орналасуы тиіс. Бір розеткаға бірнеше электр құрылғысын бірден қоспаңыз.

Бос кеңістік

- Үй керек-жарақтарын құрылғыда сақтамаңыз. Бұл қақпақ жабыны мен басқару тақтасын зақымдауы мүмкін.
- Құрылғыны кілем төселген еденге орнатпаңыз.
- Орнату орны таза, құрғақ және тегіс болуы керек. Еденнің тегіс еместігін ағаштан, картоннан және ұқсас материалдардан жасалған тіреуіштерді құрылғы астына салу арқылы өтеуге тыйым салынады.

Ағаш едендерге орнату


- Ағаш едендер дірілге ерекше ұшырайды. Артық дірілді болдырмау үшін әрбір аяқтың астына қалыңдығы 15 мм-ден кем емес арнайы дірілге қарсы тіректер қою ұсынылады. Оларды кем дегенде екі еденге бұрандалармен бекітіңіз.
- Мүмкіндігінше бөлменің едені сенімдірек бұрышын таңдаңыз.

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ТЕҢЕСТІРУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Барлық төрт аяқтың бекіткіш сомындары құрылғының корпусына тығыз бұралуы тиіс.


1. Аяқтардың кір жуғыш машинаның корпусына тығыз бұралып тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер олай болмаса, оларды бастапқы қалпына келтіріп, сомынды тартыңыз.
2. Нивелирдің көмегімен құрылғының тегістелгенін тексеріңіз.
3. Бекіткіш сомынды босатып, содан кейін аяқты еденге толық тигенше бұраңыз.
4. Барлық төрт аяқты реттеп, бекіткіш сомындарды сомын кілтімен бекітіңіз. Кір жуғыш машинаның әр бұрышын кезекпен басып, оның тұрақты күйде тұрғанына көз жеткізіңіз.




СУ ТӨГЕТІН ҚҰБЫРШЕГІН ЖАЛҒАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Құрылғыны су тарту жүйесіне қосуды тек білікті маман жүзеге асыруы тиіс.
- Су төгетін құбыршекті майыстырмаңыз, қыспаңыз және өзгертпеңіз.
- Құбыршекті дұрыс орналастырыңыз, себебі оның зақымдануы судың ағуына әкеп соғуы мүмкін.





Құбыршақты шығару құбырына жалғаңыз



Қамытпен бекітіңіз

- Суды тікелей кәрізге ағызу үшін құрылғының су төгетін құбыршегі ағынды судың құрылғыға кері сорылуын болдырмау үшін ішкі диаметрі кемінде 40 мм кәріз құбырына ағынды судың (сифонның) иінінен жоғары орнатылады. Су төгетін құбыршегі тікелей келтеқұбыры бар сифонға қосылуы мүмкін.
- Су төгетін құбыршегін еден деңгейінен 600-1000 мм биіктікте орналастыру керек және оның ұшы суға батырылмауы тиіс.
- Егер су төгетін құбыршектің ұзындығы қажеттісінен артық болса, құбыршектің артық бөлігін құрылғыға тықпаңыз. Бұл жоғары шу деңгейіне немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.






НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Барлық суреттер мен схемалар таныстыру мақсатында берілген және нақты құрылғыдан ерекшеленуі мүмкін.

КРОНШТЕЙН БОЛҒАНДА ҚҰБЫРШЕКТІ БЕКІТУ

Егер су төгетін құбыршегіне арналған кронштейн болса, оны төмендегі схемаларда көрсетілгендей жалғаңыз.

- Су төгетін құбыршегін шынжырмен бекітіңіз.
- Құбыршектің сенімді бекітілуі судың ағуын болдырмауға көмектеседі.
- Су төгетін құбыршегін еденнен 100 см жоғары және 86 см төмен бекітпеу керек.





ҚҰЮ ҚҰБЫРШЕГІН ЖАЛҒАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жеткізу жинақталымға кіретін жаңа құбыршектерді пайдаланыңыз; ескі құбыршектерді қайта пайдалануға болмайды. Қосар алдында құбыршектің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Су құбыры желісіндегі судың қысымы 0,03–0,8 МПа аралығында екеніне көз жеткізіңіз. Егер қысым көрсетілген мәннен жоғары болса, онда су қысымының бәсеңдеткішін орнату керек.
- Машинаны жаңа құбырларға қосар алдында (немесе су беру бірнеше сағат бойы тоқтатылған жағдайда) құбырларда жиналған ластанудан құтылу үшін суды төгіп тастаңыз.

ШҮМЕККЕ ҚОСУ


Кір жуғыш машинаның артқы жағында екі кір өткізу құбыры бар: көк (суық су үшін) және қызыл (ыстық су үшін). Екі су құю құбыршегін жалғап, оларды бөлек шүмектерге жеткізу керек.

1. Құбыршекті су құбыры кранына жалғаңыз (төмендегі тәсілдерді қараңыз) және қосылысты тартыңыз. Алдымен шүмектегі суды мөлдір болғанша еркін ағызып жіберіңіз.
2. Су құю құбыршегінің екінші ұшын машинаның артқы тақтасындағы енгізу келте құбырына жалғаңыз және қолмен (құралсыз) тартыңыз.
3. Су беру шүмегін толық ашып, ағып кетпегеніне көз жеткізіп, қосылыстардың саңылаусыздығын тексеріңіз.
4. Құбыршектің бұралмағанына және жаншылмағанына көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Су төгетін құбыршекті майыстырмаңыз, қыспаңыз және өзгертпеңіз.
- Құбыршекті ұзартпаңыз. Егер су көзі кір жуғыш машинадан алыс болса, ұзынырақ құбыршекті сатып алыңыз.

БҰРАНДАЛЫ ҚОСЫЛЫСЫ БАР ШҮМЕККЕ ҚОСУ




Бұрандалы шүмек



Кір жуғыш машинаға арналған арнайы шүмек

ҚАРАПАЙЫМ ШҮМЕККЕ ҚОСУ

1. Шамамен 5 мм бұранда қалдырып, ауыстырғыштағы қысқыш сомынды босатыңыз.
2. Болттарды төрт жағынан босатыңыз.
3. Ауыстырғышты шүмекке орнатып, болттарды тартыңыз.
4. Қысқыш сомынды бұраңыз.
5. Бағыттаушы төлкені басып, шлангты жалғағыш негізге салыңыз.
6. Су құю құбыршегінің екінші ұшын кір жуғыш машинаның кір енгізу құбырына жалғаңыз. Қосылыстың тығыздығына көз жеткізіңіз.



Әдетте, кір жуғыш машинаны қосу үшін жалпы мақсаттағы стандартты су құбыры шүмегімен қосу қолайлы. Егер сіздің шүмегіңіздің параметрлері қалыптыдан өзгеше болса, онда шүмекті немесе су құю құбыршегін ауыстыру қажет.

ЕСКЕРТУ

Егер келіп түсетін суда қоспалар көп болса (құм, саз, тат және тағы басқа), суды тазарту үшін арнайы сүзгілерді қолдану ұсынылады. Қатты ластанған суды пайдалану құрылғының ішкі бөліктерінің тез тозуына әкеп соғады, сондай-ақ жуу сапасына әсер етеді. Тиісті сүзгіні таңдау үшін мамандандырылған дүкендерге хабарласыңыз.

КИІМДІ ЖУУҒА БАСТАПҚЫ ДАЙЫНДАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Ұсақ, берік бекітілмеген және өткір заттар киім мен машинаның бүлінуіне және зақымдануына әкелуі мүмкін, сондықтан жуар алдында киімнің қалталарын мұқият тексеріп, босатыңыз.
- Киімнің кейбір элементтері кір жуғыш машинаны зақымдауы мүмкін. "Молния" типті ілгектер тығыз, ал түймелер немесе ілгектер теріс түймелеуі тиіс. Бос таңғыштар немесе таспалар бірге байлануы тиіс.




- Киімді жуар алдында оның шаңын, кірін және үй жануарларының жүнін тазалаңыз.
- Заттарды дайындалған материалы (мақта, жібек, жүн, синтетика және т.б.) бойынша сұрыптаңыз.
- Ақ және түрлі-түсті заттарды, әсіресе қанық түсті заттарды ажыратыңыз. Барлық жаңа түсті киімдерді бөлек жуу керек.




- Киімді бірінші рет жуған кезде оның түссізденуіне жол бермеңіз. Киімнің түссізденуін тексеру үшін сұйық жуғыш затқа малынған ақ сүлгіні қолдануға болады.
- Киімді жуар алдында киім өндіруші тиісті жапсырмаларда көрсететін келесі сипаттамаларға сәйкес бұйымдардың жіктелуіне назар аударыңыз.
- Жүктелген киімнің массасы машинаның сипаттамаларына сәйкес екеніне көз жеткізіңіз, машинаны шамадан тыс жүктемеңіз, себебі бұл жуу тиімділігіне кері әсер етуі мүмкін.
- Жеңдердегі, жағалардағы және қалталардағы дақтарды мінсіз әсерге қол жеткізу үшін машинамен жуар алдында сұйық жуғыш заты бар қылшақпен мұқият тазалаңыз.
- Сілтілі/оттекті ағартқышты пайдаланғанда абай болыңыз, себебі ол киімге зақым келтіруі мүмкін.

- Аса ұқыпты жууды талап ететін тоқыма бұйымдарын, мысалы, шілтерлі әрлеуі бар, ұсақ заттарды (тығыз матадан жасалған шұлықтар, бет орамалдар, галстуктер және т.б.) жууға арналған арнайы торлы қаптарға салу керек.



- Шарфтар мен басқа да оңып кететін киімдерді, әсіресе басқа заттармен бірге жуғанда, жуар алдында бөлек жуыңыз.
- Жұмсақ киімдерді бөлек жуу керек. Табиғи жүннен және жібектен жасалған жаңа бұйымдар, соның ішінде перделер үшін жуудың жұмсақ режимін таңдаған жөн.



- Көлемі мен салмағы үлкен жалғыз заттарды жуу кезінде (мысалы, монша сүлгілері, джинсылар, күртешелер және т.б.) ауырлық орталығының ығысуы және соның салдарынан машинаның қатты теңгерімсіздігі нәтижесінде дабыл беруі мүмкін. Сондықтан бірігіп жуу үшін, соның ішінде біркелкі сығу үшін тағы бір немесе бірнеше осындай заттарды қосу ұсынылады.
- Кір жуғыш машинада арнайы жуу құралдарын пайдаланыңыз.
- Ұнтақты жуғыш заттар киімде дақ пен иіс қалдыруы мүмкін, сондықтан киім жуғаннан кейін мұқият шаюды қажет етеді.
- Жуғыш заттарды балалар мен жануарлардың қолы жетпейтін құрғақ жерде сақтаңыз.

ЕСКЕРТУ

Ағымдағы жүктемеге қажетті жуғыш заттың мөлшерін дұрыс есептеңіз. Жуғыш заттың мөлшері тым көп болғандықтан немесе судың температурасы жеткіліксіз жоғары болғандықтан, жуғыш заттың қалдықтары құбыршектерде немесе машинаның компоненттерінде тұрып қалып, киімді ластауы мүмкін.

ҮЙІЛІП ҚАЛАТЫН ЗАТТАР

Оңай үйіліп қалатын заттарды (мысалы, мамықты) жуар алдында теріс айналдыру керек. Мұндай заттарды бөлек жуған дұрыс, себебі олар басқа заттарды бүлдіріп, өздері де бүлінуі мүмкін. Сол себепті мақтадан жасалған қара және түрлі-түсті киімдерді бөлек жуған дұрыс.

БАЛАЛАРДЫҢ КИІМДЕРІН ЖУУ

Балалардың заттары (балалардың киімдері мен сүлгілері), соның ішінде жаялықтар бөлек жуылуы тиіс. Ересектерге арналған киімдермен бірге жуған кезде оларға балалар үшін зиянды микроорганизмдер түсуі мүмкін. Балалардың киімін шаю уақыты мұқият жууды және жуғыш заттардың қалдықтарын тазартуды қамтамасыз ету үшін ұзартылуы тиіс.

МАШИНАМЕН ЖУУҒА АРНАЛМАҒАН КИІМ

- Галстуктер, жилеттер және т.б. машинамен жуу нәтижесінде кішіреюі мүмкін.
- Машинамен жуу кезінде деформациялануы мүмкін қатпарлары мен өрнектері бар киімдер.
- Толық немесе жартылай теріден тігілген киім.
- Әшекейлі киім.
- Өндірушінің жуу шарттарына қойылатын талаптары сақталмаған бұйымдарды жуудан аулақ болыңыз.
- Бензин, керосин, дизель отыны, бояу, еріткіш және спирттерге былғанған киімдерді ешбір жағдайда жумаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Кір жуғыш машинада су өткізбейтін материалдардан жасалған киімдерді жууға болмайды. Олай болмаған жағдайда машина суға толып, су шашырап кетуі немесе шаю және кептіру кезінде шамадан тыс дірілдеуі мүмкін, бұл заттарға (шаңғы костюмдері, плащ-жаңбырлы киімдер, қолшатырлар, автокөлік қаптары, шатырлар, көрпе қаптары және т.б.) зақым келтіруі мүмкін. Төгу кезінде су өткізбейтін бұйымдарда жиналатын су толық төгіле алмайды және бір жерге жиналады, бұл машинаның қатты теңгерімсіздігін және оның дірілдеуін немесе жылжуын тудырады.

ЕСКЕРТУ

Бір затты жуған кезде барабанда теңгерімсіздік туындауы мүмкін. Мәселені шешу үшін бірнеше нәрсені қосу ұсынылады.

ЖУҒЫШ ЗАТТАРДЫ ЖҮКТЕУ

Науаны созып, кір жуғыш затты қосыңыз. I сұйық жуғыш затты қолдануға арналған, ал II бөлім ұнтақ тәрізді жуғыш затты қолдануға арналған.




ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл модель алдын ала жуу функциясын қолдамайды және жуғыш заттарға арналған науаға кондиционер қосылмайды.
- Кір жууға арналған капсулаларды жуғыш заттарға арналған науаға салмаңыз.
- Кесек немесе тұтқыр кір жуғыш ұнтақты құймас бұрын науаның бітелуін болдырмау үшін оны сумен сұйылтыңыз.

ПАЙДАЛАНУ

БАСҚАРУ ТАҚТАСЫ



1. Дисплей.
2. Қосымша функциялар батырмалары.
3. Бағдарламаны таңдау батырмасы.
4. Температураны таңдау батырмасы.
5. "Бастау/Үзіліс" батырмасы.
6. "Қосу/Өшіру" батырмасы.


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кір жуғыш машина "Орнату" бөліміндегі барлық ұсыныстарға сәйкес дұрыс орнатылмайынша, оны іске қоспаңыз.
- Бірінші кір жуу алдында кір жуғыш машинаны кез келген бағдарламада жүктеместен іске қосып, толық жұмыс істеуіне мүмкіндік беріңіз. Содан кейін ғана киімді жууға кірісіңіз.

Кірді жууға дайындық

1. Кір жуғыш машинаны электр желісіне қосыңыз.
2. Су беру шүмегін ашыңыз.
3. Қақпақты ашып, барабанға кірді салыңыз.
4. Бөлікке жуғыш затты қосыңыз.
5. Қақпақты жабыңыз.



Кір жуу

1. Кір жуғыш машинаны қосыңыз.
2. Кір жуу бағдарламасын және қосымша функцияларды таңдаңыз.
3. Су деңгейін, шаю санын және жуу температурасын таңдаңыз.
4. Қажет болған жағдайда кейінге қалдырылған бастау таймерін орнатыңыз.
5. "Старт/Пауза" батырмасын басыңыз.

ЕСКЕРТУ

"2" және "3," "4" қадамдарын өткізіп жіберуге болады, бұл жағдайда әдепкі баптаулар қолданылады.

Кір жууды аяқтау

Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал естіліп, құрылғы автоматты түрде өшеді. Қақпақты ашып, іш киімді алыңыз.

Апаттық өшіру жағдайында

Егер кір жуғыш машина жұмыс істеп тұрған кезде кенеттен қуат көзі өшіп қалса, кіріктірілген жад таңдалған бағдарламаны сақтайды және ол электрмен жабдықтау қалпына келтірілгеннен кейін қайта басталады.

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Бағдарлама	Сипаттама
Джинс	Джинсы мен басқа да джинсалық матадан жасалған басқа да бұйымдарды жууға қолайлы
Жылдам 15’	Аз мөлшердегі қатты ластанбаған заттарды тез жууға қолайлы
Ұқыпты	Нәзік маталардан (жібек, жүн, вискоза және т.б.) тігілген киімдерді төмен айналымда жуу режимі
Аралас	Аралас маталарды жууға, сондай-ақ табиғи және синтетикалық талшықтардан жасалған киімдерді бір уақытта жууға ұсынылады
Кәдәмгі	Мақта маталарға арналған әмбебап бағдарлама, ол бір жууды, екі шаюды және ұзақ сығуды қамтиды
Күшейтілген	Кір жуу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жуу циклінің ұзақтығы арттырылды
Қарқынды	Қатты ластанған заттарды жуу

ДИСПЛЕЙ ЖӘНЕ БАТЫРМАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Дисплей

Таңдалған баптауларды, қалған уақытты және машина күйінің индикаторларын көрсетеді. Дисплей бүкіл жұмыс циклі бойы қосылып тұрады.

ЕСКЕРТУ

Егер дисплейдегі уақыт мәні жыпылықтаса, бұл дисплей жууды бастауға дейін қалған уақытты көрсетіп тұрғанын білдіреді (кешіктірілген бастау функциясы қосылған). Егер мән жыпылықтамайтын болса, демек бұл жуу бағдарламасының аяқталуына қалған уақыт.

«Қосу/Өшіру» батырмасы

- Құрылғыны қосу үшін «Қосу/Өшіру» батырмасын басыңыз.
- Құрылғыны өшіру үшін батырманы тағы да басыңыз.

«Бастау/Үзіліс» батырмасы

- Бағдарламаны таңдағаннан кейін жуу процесін бастау үшін осы батырманы басыңыз.
- Кір жуу бағдарламасын орындау кезінде кір жууды тоқтату үшін осы батырманы басыңыз.
- Бағдарламаны орындауды жалғастыру үшін тағы да басыңыз.

«Бағдарлама» батырмасы

Бағдарламаны таңдау үшін осы батырманы басыңыз (таңдалған бағдарламаның индикаторы дисплейде жанады).

«Температура» батырмасы

Температураны (суық, жылы немесе ыстық су) таңдау үшін осы батырманы басыңыз.

Қосымша функциялар батырмалары

«Су деңгейі» батырмасы

Кір мөлшеріне байланысты су деңгейін таңдау үшін осы батырманы басыңыз. Егер су деңгейін пайдаланушы қолмен орнатпаса, кір жуғыш машина кірді автоматты түрде өлшеп, жууға қажетті судың оңтайлы мөлшерін таңдайды.

ЕСКЕРТУ

Егер барабанда су болса, автоматты өлшеу жұмыс істемейді.

«Функция» батырмасы

Қалаған кір жуу функцияларын таңдау үшін осы батырманы басыңыз (егер функция таңдалса, оның қарсысында индикатор жанады).

«Кейінге қалдыру» батырмасы

Бұл батырма кейінге қалдырылған старт функциясын іске қосады және жуудың автоматты түрде басталатын уақытын орнатуға мүмкіндік береді.

1. Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
2. Қалаған уақытты белгілеу үшін «Кейінге қалдыру» батырмасын басыңыз. Ол дисплейде көрсетіледі.
3. «Бастау/Үзіліс» батырмасын басыңыз, сонда таймер іске қосылады.
4. Кір жуу бағдарламасы іске қосылғанға дейін таймерді тоқтату үшін «Кейінге қалдыру» батырмасын басыңыз. Егер бағдарлама іске қосылған болса, онда оны жою үшін «Қосу/Өшіру» батырмасын басу қажет.

«Шаю» батырмасы

Шаю санын реттейді және «Рециклингті» қосады.
Шаю санын (1-3 аралығында) немесе қосымша «Рециклинг» функциясын таңдау үшін осы батырманы басыңыз.

ЕСКЕРТУ

Бағдарламаларды немесе функцияларды таңдау кезінде басқару тақтасында ағымдағы таңдауды білдіретін тиісті индикаторлар жанады. Өз баптауларыңызды қою үшін тиісті функциялардың индикаторлары жанғанша батырмаларды басу керек.

- Мысалы, тек сығу функциясын таңдау үшін «Сығу» индикаторы жанғанша «Функция» батырмасын басыңыз.
- Егер жууды, шаюды және сығуды қосу қажет болса, бірақ сіз шаю санын бөлек реттегіңіз келсе, онда машинаны қосыңыз және тиісті индикаторлар жанғанша «Функция» батырмасын басыңыз, содан кейін «Шаю» батырмасын басыңыз.

Басқару тақтасын бұғаттау

Бұл функция балалардың кездейсоқ батырмаларды басуының алдын алу үшін қолданылады. Оны қосқан кезде «Қосу/Өшіру» батырмаларынан басқа барлық батырмалар бұғатталады.

1. Кір жуу бағдарламасын іске қосыңыз.
2. Функцияны қосу/өшіру үшін «Шайғызу» және «Бағдарлама» батырмаларын бір уақытта басып тұрыңыз.

Рециклинг

Бұл функцияны таңдағанда, соңғы шаюдан кейін кір жуғыш машина суды төкпейді, бұл оны қайта пайдалануға мүмкіндік береді. Суды барабаннан құйып алып, үй-жайларды ылғалды тазалауға және т.б. пайдалануға болады. Машина суды төгуі үшін «Сығу» функциясын іске қосыңыз — су құбыршек арқылы кәрізге немесе сіз қойған ыдысқа (мысалы, шелекке) құйылады.

«i-clean» функциясы

«i-clean» функциясы барабанды және сыртқы бакты жуғаннан кейін қабырғаларда қалуы мүмкін жуғыш заттың қалдықтарынан, көбіктен, кірден немесе матаның ұсақ бөлшектерінен тазартуға арналған. Бұл функция «Ұқыпты» және «Жылдам 15’» бағдарламаларынан басқа барлық кір жуу бағдарламаларында суды ағызу кезінде автоматты түрде іске қосылады.

Кір су төгіле бастағанда, кір жуғыш машина ішкі бөлшектерге қысыммен таза су ағынын береді. Кір пайдаланылған сумен бірге суағарға түсіп, жуылған киімнің қайта ластануын болдырмайды.

«One touch» функциясы

"One Touch" (Ақылды кір жуу) функциясы кір жуғыш машинаға барабанға тиелген киімнің салмағына сәйкес тиісті бағдарлама мен су деңгейін автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді.

«FCS (Fast Clean System)» функциясы

Fast Clean System (тез жуу жүйесі) жылдамдықты арттыру арқылы жуу уақытын 20–40%-ға қысқартады, сонымен қатар нәтиже сапасын сақтайды.

1. Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
2. Дисплейдің астындағы "FCS" индикаторы жанғанша "Бағдарлама" және "Температура" батырмаларын бір мезгілде басып тұрыңыз.
3. Жылдам кір жуу жүйесін іске қосу үшін "Бастау/Үзіліс" батырмасын басыңыз.

ЕСКЕРТУ


«FSC» функциясы «Ұқыпты» және «Жылдам 15’» бағдарламалары үшін қолжетімсіз.

КҮТІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қызмет көрсетуді бастамас бұрын қуат сымын розеткадан суырып алып, су беру шүмегін жабыңыз.

СЫРТҚЫ КОРПУСТЫ ТАЗАЛАУ




Кір жуғыш машинаға дұрыс қызмет көрсету оның қызмет ету мерзімін ұзартуға қабілетті.


Құрылғының сыртқы бетін қажет болған жағдайда абразивті емес тазалау құралдарымен және жұмсақ шүберекпен ластанудан тазарту қажет. Корпусты тазалау үшін қатты губкаларды, өткір заттарды және химиялық заттарды (спирт, еріткіштер және т.б.) пайдалануға тыйым салынады.

Су тасып кеткен жағдайда, оны дереу шүберекпен сүртіңіз.

СҮЗГІЛЕРДІ ТАЗАЛАУ

Су беру клапанының сүзгісі





1. Су құю құбыршегін машинадан ажыратыңыз.
2. Сүзгіні ұзын қысқыштармен алып тастап, жуыңыз. Қажет болса, сүзгіні қылшақпен тазалаңыз. Содан кейін оны орнына қойыңыз.
3. Су құю құбыршегін жалғаңыз.
4. Судың ағып кетпеуін тексеру үшін шүмекті ашыңыз.

ЕСКЕРТУЛЕР

- 3 айда бір рет тазалап тұру ұсынылады.
- Су ағынының азаюы — сүзгіні тазалау керектігінің белгісі.

Түкті сүзгіні тазарту

Кір жуғыш машинада кір жуу кезінде түкті жинайтын кіріктірілген сүзгі бар. Түк сүзгісін әр 10 цикл сайын тазалап тұру ұсынылады.



Қапшықты сүзгі



Торлы сүзгі

Сорғы сүзгісін тазалау


Ағызу сорғысының сүзгісі мата қиындыларын және созылған бұйымдардан кішігірім бөгде заттарды сүзгіден өткізе алады. Егер кір жуғыш машина ағызу және/немесе сығу операцияларын жасамаса, сондай-ақ ағызу кезінде ерекше шу естілсе (бұл сорғыға бөгде заттардың түсуінен туындауы мүмкін), сорғыны тексеру қажет.

Кір жуғыш машинаның қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін сүзгіні жүйелі түрде тазалап тұрыңыз. Мұны айына кемінде бір рет жасау ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Сақ болыңыз, сүзгідегі су ыстық болуы мүмкін.

1. Құрылғыны электр желісінен ажыратып, су беру шүмегін жабыңыз. Егер кір жуу жақында аяқталса, біраз күте тұрыңыз.
2. Сорғының қақпағын сағат тіліне қарсы бағытта сәл бұраңыз. Сорғыдан суды кез келген қолайлы ыдысқа төгіңіз.
3. Сүзгіні сағат тіліне қарсы бұрап, толық бұрап шығарыңыз.
4. Сүзгіні бөгде заттардан тазартыңыз.
5. Сүзгіні орнына қойып, тесікке еркін кіруі үшін тегістеңіз.
6. Қақпақты сағат тілімен бұрап бұраңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Сорғы сүзгісінің қақпағы дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз, әйтпесе судың ағуы мүмкін.
- Құрылғының жұмысы кезінде таңдалған бағдарламаға байланысты сорғыда ыстық су болуы мүмкін. Кір жуу циклі кезінде сорғының қақпағын ешқашан шешпеңіз, цикл аяқталып, су төгілгенше күтіңіз. Қақпақты орнатқан кезде оның мықтап бұралғандығына көз жеткізіңіз..

ЖУҒЫШ ЗАТТАР НАУАСЫН ТАЗАЛАУ

1. Науаны шығарыңыз.
2. Науаны сумен шайып, құрғатып сүртіңіз.
3. Науаны сумен жуып, құрғатып сүртіңіз.
4. Науаны шерткенше ысырып, орнына қойыңыз.

ЫҚТИМАЛ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Егер Сіз ақаулыққа тап болсаңыз, онда құрылғының жұмысындағы бірқатар қателіктердің ықтимал себептері мен оларды жою бойынша ұсыныстар келтірілген төмендегі кестеге жүгінуіңізді сұраймыз. Егер мәселені шешу жөніндегі ұсыныс сізді оны жоюға жеткізбесе, уәкілетті сервистік орталыққа хабарласуды ұсынамыз.

Мәселенің сипаттамасы	Ықтимал себеп	Шешім
Машина іске қосылмайды	Қуат жоқ немесе сақтандырғыш күйіп кеткен	Желіге қосылысты тексеріңіз немесе сақтандырғышты ауыстыру үшін уәкілетті техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз
	Қуат кернеуі тым төмен	Қуат кернеуінің қалыпты екеніне көз жеткізіңіз
Кір жуғыш іске қосылмайды	Кір жууға қажетті су деңгейіне жетпейді	Судың бітуін күтіңіз
	Кейінге қалдыру режимі қосылған	Егер кейінге қалдыру режимі орнатылған болса, белгіленген уақыттың аяқталуын күтіңіз
Судың ағуы	Құбыршектердің қосылысы жеткілікті тығыз емес	Су құю құбыршегін тексеріп, бекітіңіз
		Су төгетін құбыршегін тексеріп, тазалаңыз
Қатты шу немесе қатты діріл	Барабанда бөгде заттар бар	Іске қосар алдында іш киімдеріңіздің қалталарында бөгде заттардың бар-жоғын мұқият тексеріңіз
	Машина тегіс емес және тұрақсыз жерде тұр	Құрылғыны тегіс, тұрақты бетке орналастырыңыз
Науадағы жуғыш заттың қалдықтары	Жуғыш зат дымқыл немесе ұйпаланған	Жуғыш заттың науасын тазалап, құрғатып сүртіңіз
Төгу мәселесі	Су төгу құбыршегі тым жоғары орналасқан	Су төгу құбыршегінің рұқсат етілген биіктікте орналасқанына көз жеткізіңіз
	Су төгу құбыршегінің ұшы суға батырылған	Су төгу құбыршегінің ұшы суға батпағанына көз жеткізіңіз
	Төгу клапанының ішкі резеңке сақинасы кірмен бітеліп қалған	Төгу клапанының ішкі резеңке сақинасын кірден тазартыңыз

Мәселенің сипаттамасы	Ықтимал себеп	Шешім
Құрылғыға су кірмейді	Су құю құбыршегі дұрыс қосылмаған немесе шүмек ашық емес	Құю құбыршегінің/құбыршектердің дұрыс жалғанғанын тексеріп, су алу шүмегін ашыңыз
	Су өшірілген немесе су қысымы тым төмен	Су құбырындағы қысымды және судың келіп тұрғанын тексеріңіз
	Қуат көзінен ажыратылған немесе сақтандырғыш күйіп кеткен	Қуат көзі қосылғанын және сақтандырғыш дұрыс екенін тексеріңіз
	Су беру клапанының катушкасы зақымдалған	Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз
	«Бастау/Үзіліс» батырмасы қуат көзі қосылғаннан кейін бірден басылды	Қуат көзі қосылғаннан кейін бірден «Бастау/Үзіліс» батырмасын баспаңыз — бірнеше секунд күтіңіз
	Су беру клапанының сүзгіш торы кірге толы	Клапан сүзгісінің торын тазалаңыз
Сығу мәселелері	Қақпақ жабылмаған	Қақпақтың жабық екенін тексеріңіз
	Киім барабанның бір жағына қатты қисайып кеткен немесе барабанға шамадан тыс күш түскен	Киімді барабанға біркелкі орналастырыңыз және оған артық салмақ түсірмеңіз
	Машина тегіс емес және тұрақсыз жерде тұр	Құрылғыны тегіс, тұрақты бетке орналастырыңыз
	Қозғалтқыш белдігі босап қалды	Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз

ҚАТЕ КОДТАРЫ

Қате коды	Себептері	Шешім
E1	Сумен жабдықтау мәселесі	Шүмектің ашық екенін және су құбырындағы қысымды тексеріңіз
E2	Суды ағызу мәселесі	Су деңгейінің бергішін және ағызу сорғысын тексеріңіз
E3	Қақпақ жабылмаған	Қақпақты жауып, кір жууды бастаңыз
E4	Барабанның теңгерімсізденуі	Киім-кешекті барабанға біркелкі салыңыз
EXX	Басқа	Кір жуу циклін қайта іске қосу

Егер сипатталған шешімдер көмектеспесе, уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Үлгі	WT-6A1M
Сауда белгісі	DEXP
Қоректендіру кернеуі (В)	220–240
Номиналды жиілік (Гц)	50
Номиналды ток күші (А)	3,5
Тұтынылатын қуат (Вт)	450
Энергия тиімділігі класы	A++
Сығу тиімділігінің класы	C
Кір жууға арналған кірді жүктеу (кг)	6
Электр энергиясын тұтыну (кВт/сағ/жыл)	31,1
Электр энергиясын тұтыну (кВт/сағ/цикл)	0,14
Кір жуу кезіндегі шу деңгейі (дБА)	55
Сығу кезіндегі шу деңгейі (дБА)	64
Судың қысымы (МПа)	0,03–0,8
Барабанның көлемі (л)	53
Тұтынылатын судың мөлшері (л/жыл)	30000
Тұтынылатын судың мөлшері (л/цикл)	139
Жүктеу түрі	Тік
Қуат сымын бекіту түрі	Y
Шаң мен ылғалдан қорғау дәрежесі	IPX4
Электр тогынан зақымданудан қорғау класы	I
Салмағы (кг)	32
Өлшемдері (Е × Т × Б) (см)	51,5 × 52,5 × 93
Қолдану аймағы	Тұрмыстық

ЖИНАҚТАЛЫМ

- Құрылғы.
- Қорғаныс тақтасы.
- Тақтаны бекітуге арналған бұрама.
- Су құю құбыршек × 2 дана
- Су төгетін құбыршек.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.


КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ
DEXP
WT-6A1M
A+++
A++
A+
A
B
C
D
A++
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ
31,1
кВт сағ/жыл
30 000
л/жыл
kg
6
КГ
ABCDEFG
55 дБА
64 дБА

МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ (ТАСУ), ӨТКІЗУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны дұрыс тасымалдауды қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды сақтау қажет:
  - егер бар болса, құрылғыдан барлық ішкі керек-жарақтарды алып, оларды бөлек ораңыз;
  - құрылғының жұмыс істеу қабілеті мен сыртқы түрін сақтау үшін оның дұрыс оралғандығына көз жеткізіңіз (ірі габаритті техниканы полиэтилен немесе көпіршікті пленкаға орап, маңызды жерлерінде гофрленген картоннан жасалған астармен қаптау қажет);
  - құрылғыны көлік құралында қозғалу мүмкіндігін болдырмау үшін белдіктермен мықтап бекітіңіз;
  - сыртқы ортаның әсерін толығымен болдырмау үшін тек жабық көлікті пайдаланыңыз;
  - тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптамаға аса ұқыпты қарауды қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылады. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге көмектесесіз және дұрыс емделмеген жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

Өндіруші: Уси Литтл Суон Электрик Ко., ЖШС.
18, Чанцзян оңтүстік тасжолы, Синьу ауданы, Уси қаласы, жоғары технологиялар мен ұлттық даму аймағы Цзянсу провинциясы, Қытай.

Manufacturer: Wuxi Little Swan Electric Co., Ltd.
18, Changjiang South Road, National High Tech Development Zone, Xinwu District, Wuxi City, Jiangsu Province, China.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сыртқы түрі мен оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен ерекшеленуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.2

ҚҰРҒАҚ КІРДІҢ ШАМАМЕН АЛЫНҒАН САЛМАҒЫ

Төсек-орны

Төсек-орын түрі	Шамамен салмағы (грамм)
Жастық тысы	180–220
Сүлгі	220–600
Ақжайма	350–700
Сейсеп	500–800

Киім

Киім түрі	Шамамен салмағы (грамм)		
	Ерлерге арналған	Әйелдерге арналған	Балаларға арналған
Жеңіл жейде	230–300	80–150	40–80
Блузка, жейде	130–180	100–300	50–120
Костюм	1300–2000	800–1000	650–800
Мата шалбар	500–700	300–450	130–250
Джинсалық шалбар	600–700	400–500	150–200
Халат	500–800	350–500	130–300
Қысқа шалбар	200–350	150–350	70–150
Свитер, желбегей	800–1100	400–650	300–500
Мамық шапан, күртке	1300–1800	900–1300	500–1000

КИІМДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ПИКТОГРАММАЛАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ

Таңба	Сипаттама	Ұсыныстар
	Қалыпты кір жуу	
	Кірді 95 °C температурада жуу	Мақтадан немесе зығырдан жасалған ақ іш киім
		Жоғары температураға төзімді түрлі-түсті іш киім
	Кірді 60 °C температурада жуу	Жұқа мақта іш киім немесе полиэстерден жасалған киім
	Кірді 40 °C температурада жуу	Мақта, полиэстер және басқа да синтетикалық маталардан жасалған күңгірт түсті іш киім
	Кірді 30 °C температурада жуу	Кір жуғыш машинада жууға жарамды жүннен жасалған бұйымдар
	Қолмен жуу	Машинамен жууға арналмаған кір
	Кір жууға болмайды	Химиялық тазалауды қолданыңыз
	Ағарту	
	Ағартуға болмайды	
	Үтіктеу	
	Жоғары температурада үтіктеу (макс. 200 °C)	Ылғалды мақта, зығыр, тоқыма бұйымдары
	Орташа температурада үтіктеу (макс. 150 °C)	Сәл ылғалданған мата (мақта, жібек, синтетикалық маталар)
	Төмен температурада үтіктеу (макс. 110 °C)	Әртүрлі синтетикалық маталар
	Үтіктеуге болмайды	

КИІМДЕ КӨРСЕТІЛГЕН БАСҚА ПИКТОГРАММАЛАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ

Таңба	Сипаттама
	Химиялық және құрғақ тазалау
	Перхлорэтилен негізіндегі тазалау
	Арнайы еріткіштер негізіндегі тазалау
	Таңбаның астындағы сызық бұйымды абайлап тазалау қажеттігін көрсетеді
	Химиялық тазалаудан өткізбеу
	Электрмен кептіруге рұқсат етілген
	Қалыпты температурада кептіру
	Төмен температурада кептіру (жұмсақ кептіру)
	Электрмен кептіруге болмайды
	Тік кептіру
	Көлденең бетте кептіру
	Тік/көлденең күйде сығусыз кептіру
	Құрамында хлоры жоқ жуғыш заттармен ағарту

ДАҚТАРДЫ КЕТІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Дақтың түрі	Шығару жөніндегі ұсыныстар
Таңқурай, бүлдірген	Бір шай қасық сірке суы мен лимон шырынынан қоспа дайындап, матаны осы қоспаға батырып, дақты сүртіңіз.
Қаражидек, қара қарақат	Дақты салқын сумен жуып, содан кейін лимон шырынында бірнеше минут ұстаңыз
Балмұздақ	Дағы бар матаның бір бөлігін 1 шай қасық бура мен 1 шай қасық су ерітіндісінде жібітіп, шайып, әдеттегідей жуыңыз
Кофе	Тең мөлшердегі глицерин, мүсәтір спирті және судан қоспа дайындаңыз. Осы құраммен дақты жақсылап сулап, 5 сағатқа қалдырып, содан кейін сумен шайыңыз.
Шоколад	Ыдысқа су құйып, 1 литр суға 1 ас қасық мөлшерінде тұз қос және сол суда дақты киімдерді жуыңыз
Қызыл шарап	Қызыл шараптың дағына тұз себіңіз, содан кейін қатты қылшақпен шарап пен тұздың қанық қоспасын қырып, дақты таза сіңіргіш шүберекпен сүртіңіз. Даққа суық су жағыңыз (дақ жайылып кетпеуі үшін әрқашан оның шетінен ортасына қарай жұмыс істеңіз). Қайта сулап, әдеттегідей тазалаңыз
Жемістер мен шырын	1 шай қасық сутегі асқын тотығының 1/2 стақан суға ерітіндісін дайындап, онымен дақты сүртіп, суық сумен жуыңыз
Шөп	Оларды техникалық спиртпен абайлап сүртіңіз (ацетатты және триацетатты маталарға қолдануға болмайды!), содан кейін шайып, жуыңыз
Шаш бояуы	Сутегі асқын тотығы мен мүсәтір спиртінің ерітіндісін дайындап, дақты шүберекпен сулаңыз
Қан	Қан дақтары бар заттың дағын ыстық суға малмаңыз және сүртімеңіз.. Дақты суық суға жібітіп, содан кейін сабынмен жуыңыз
Йод	Дақты мүсәтір спиртімен сүртіңіз
Кеңселік желім	Мақтаға лак кетіретін сұйықтықты (ацетонсыз) жағып, дақты сүртіңіз
Сағыз	Затты мұздатқышқа салыңыз. Сағыз қатқанда, оны киімнен ақырын алып тастаңыз.

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қою күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.
Кепілдік қызметіне кепілдік мерзімі ішінде пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен тұтынушының кінәсінен емес, істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. . Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 120 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
https://www.dns-shop.kz/service-center/

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) үшін қуат элементтері (батареялары).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған ауыстырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымның қатқыл магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.

Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса.
- Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БЖ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картриджерді қоса алғанда) пайдалануда туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.

